

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Ақан сері Қорамсаұлы

ЖАРИЯЛАНДЫ
08.02.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/53144/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

II. Сабақтың мақсаты :

1. Білімділік : Ақан сері өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет беру. Поэзиясын оқу арқылы қазақ мәдениетінің, өнерінің қаншалықты дәрежеде болғанын, нұсқаусыз – ақ өз өнерлерін дамытып, таратқанын, театр, мәдениет үйінсіз – ақ көрсете білгенін түсіндіру;
2. Дамытушылық : Өз беттерімен ойлану, ойландыру, өзіндік дәлелді пікір, тұжырымды ой айтуға баулу, үйрету.
3. Тәрбиелік . Эстетикалық тәрбие, өнерді сүйуге, бағалауға баулу.

Сабақтың түрі : Жаңа сабақ

Сабақтың әдісі : топтық жұмыс, зерттеу, салыстыру, пікір айту

Сабақтың көрнекілігі: Слайд, шығармашылық жинағы зерттеу еңбектер

Пәнаралық байланыс: Тарих, музыка, өнер

III. Сабақтың барысы : 1. Ұйымдастыру кезеңі

Сынып оқушыларының назарын аударып, сабаққа бейімдеу.

Бүгінгі сабағымыздың ұраны :

Біле бер ,қанша білсең, тағы тіле,

Жетерсің мақсатыңа біле-біле.

Жүсіп Баласағұн

2 Үй тапсырмасын тексер

Мәшһүр Жүсіп өмірі туралы

Атқарған жұмыстары

Жарыққа шыққан кітаптары

Шығармаларының тақырыбы

3. Сабақтың негізгі бөлімі

4. Әнші – ақындар туралы түсінік беру. Әнші- ақындарды слайд бойынша таныстыру.

«Сал», «сері» сөздерінің айырмашылықтарына тоқталу.

2.Ақан Қорамсаұлы бейнесін ашу.

Сынып төрт топқа бөлінген,алдын –ала тапсырма берілген. Әр топ өз тақырыптарын қорғайды.

I топ « Ауылым қонған Сырымбет саласына » (Ақан өмірі мен шығармашылығына шолу)

II топ « Егіліп әндеріне сөзін тыңдап ...» (Ақан әндері ,оның шығу тарихы)

III топ « Сегіз қырлы, бір сырлы » (Ақан бойындағы қасиеттер)

IV топ « Тұсында сері болсын, пері болсын ,

Ұнайды өнерімен Ақан маған » (Ақан өмірі мен шығармашылығына қалам тартқан ақын- жазушылар)

I топ

XIX ғасырдың II жартысында өмір сүрген қазақтың әнші-ақындарының көрнекті өкілдерінің бірі- Ақан сері Қорамсаұлы.

Ақан 1843 жылы қазіргі Ақмола облысы ,Қоскөл деген жерде туған. Шын аты- Ақжігіт екен, ата-анасы еркелетіп Ақан деп атап кеткен. Ақан білімді, орыс ,татар, шағатай тілдеріне жүйрік. Әншілік шеберлігі жоғары . Онымен қоса жоғары талғам иесі, жүйрік атты, қыран құсты, құмай тазыны ұстап, баптай білген ,саяткер болған.

Ақан шығармаларын тану үшін тақырып жағынан 3 топқа бөліп жіктеуге болады.

Жастық .Махаббат. Адами сезімдер Саятшылық. Атбегілік Әлеуметтік

«Балқадидиша»,»Сырымбет»,»Құлагер»,»Қыз сипаты», «Сүйген қалқа», «Көңіл тілегі», «Достарыма», «Жігіт сипаты», «Жайықтың ақ түлкісі аралдағы» т.б « Мылтық пен мергеншілік», «Торыны таң асырып мінген қандай» ,»Құлагер» « Барабар крестьянға тең болмадық», «Заман адамы»,»Заманға қарап «

II топ

Ақан сері – сегіз қырлы , бір сырлы , ұлы талант иесі. Ақанның шығармашылық өнері- тазалықтың,әсемдіктің көрінісі.Ол жай ғана ақын емес,әнші – ақын,өзі шығарған өлеңін өзі әнге салып,домбырада ойнап, өзі орындаған.

Ақанның « Мақпал», « Ақмарал», « Зағипа », « Балқадидиша», « Сырымбет », « Қараторғай», « Маңмаңгер »

, « Нәзік гүл » т.б әндері қазақ арасында кең таралған.

(Осы жерде « Балқадидиша », « Сырымбет », « Үш тоты » әндерінің шығу тарихын айтады)

Ән тыңдалады.

III топ

Ақан ел есінде ақын ,әнші ,сазгер ретінде ғана қалған жоқ, ол атбегілік, құсбегілік, аңшылық, саятшылық өнерімен де танымал болған.

Ақанның атын алысқа естіртіп, даңқын әуелеткен сәйгүлігі – Құлагер еді.

(Осы жерде оның Құлагерді Шөкетай деген кісіден сатып алғанын, оны ерекше баптап , бағып күткенін, С.Жүнісовтың романынан үзінді келтіріп, айтып кетеді)

VI топ

Ақан серінің өмірі мен шығармашылығына қалам тартқан ақын- жазушылар да аз емес . Мысалы : Сәкен Жүнісовтың « Ақан сері » романы, Ілияс Жансүгіровтың « Құлагер » поэмасы , Ғабит Мүсіреповтың « Ақан сері- Ақтоқты » пьесасы, Фариза Оңғарсынованың « Ақан сері » өлеңі , Мұратбек Жоламановтың « Құлагер тағдыр » картинасы , « Құлагер » фильмі .

(Әр шығарма жайлы қысқаша түсінік беріледі , « Ақан сері- Ақтоқты » пьесасынан үзінді- көрініс қойылады)

4. Сабақты бекіту

4 топтың ізденіс жұмыстарын қорытындылап, бір арнаға тоғыстыру мақсатында Ой толғау жазайық .

Мына екі тақырыптың біріне жазуға болады :

1) Сегіз қырлы , бір сырлы Ақан аға !

2) Мен сенің өнеріңе табынамын !

5. Сабақты қорытындылау. Айтарым бар

Сендердің ойларыңша , қазіргі таңда нағыз, сері жігіттер қандай болу керек ?

6. Бағалау

7. Үйге тапсырма : Ақан өлеңдерін жаттау